


**Бақыт Рүстемов**

**ӘЛЕМНІҢ  
ТЫЛСЫМ  
ДҮНИЕЛЕРІ**





**Бақыт Рүстемов**

*Жер бетінде адам қатынастарды  
әлемдік деңгейде шешу жолында жүрген  
энтузиастарға арнаймын*

**ӘЛЕМНІҢ ТЫЛСЫМ  
ДҮНИЕЛЕРІ**

*(Тарихи деректер, философиялық толғаулар,  
публицистика, проза, аудармалар)*

*Кітапты тек әншейін оқу үшін емес,  
ой тастау үшін жазу керек.*

**Ш. Монтескье**  
*француз агартушысы*



**Құрметті оқырмандар!**

Елбасымыздың бастамасының арқасында әлемдегі елу өркениетті елдердің қатарына кіреміз деп шешім қабылдадық. Ал енді Батыс елдері тек экономикамыздың дамуын қадағалап отырған жоқ. Олар біздің әлемдік деңгейде рухани-мәдени дамуымызды да қадағалап келеді. Сондықтан олар қалай экономикамыздың дамығанына таңғалып тамсанып отырса, енді біздің озық мәдениетімізбен таңғалып-тамсанып отырулары қажет. Батыстың мәдениетін білу біздің де санамызды кеңейтеді. Ой-өрісіміз кемелденеді. Рухани байи түсеміз. Себебі білімділіктің арқасында олармен тепе-тең деңгейде тұрып сөйлесуімізге жағдай туылады.

Біз де өз мәдениетімізбен оларды таныстыруымыз қажет. Бұл күрделі мәселеде елінің абыройын ойлаған азаматтардың ізденісте жүруі қуантарлық жағдай.

Осыны ескере отырып кітаптың авторы аттары әлемге танымал жазушылар мен ғалымдардың, елбасшылары мен діни қайраткерлердің аз да болса еңбектерін отандастарының назарына ұсынып отыр.



ББК 84(5Каз)

Р 90

**Р90 Рүстемов Бақыт**

*Әлемнің тылсым дүниелері. Тарихи деректер, философиялық толғаулар, публицистика, проза, аудармалар. Астана, 2006. - 442 бет.*

ISBN 9965-21-580-4

## КІРІСПЕ

*Ізгі кісі нарызды ойлайды,  
Танен адам найда ойлайды.*

Конфуций

Автор Бақыт Төлегенұлы Рүстемов 1952 жылы Өзбекстанда туған, публицист, тарихшы, теологиялық сұрақтарды жақсы пайымдайды. “Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол” дейтін қағиданы ұстанған жан. Көптеген жылдар бойы христиандық, иудаизм және қазіргі заманғы басқа да көптеген конфессионалдық ағымдар бойынша еңбектерді зерттеумен айналысады. Өлең жазады. Бірнеше әндердің авторы, музыкант. Ташкенттегі суворовтық мектепте оқыған. Әскери-үрлеуші оркестрде ойнаған (баритон, фортепиано). Әскердегі қызметін Украинада (Винницк облысы, авиациялық мамандар мектебінде) және Ресейде (Саратов облысы, Ұшқыштардың Балашов жоғары авиациялық училищесі) өтеген.

Әртүрлі жанрдағы өзінің алғашқы еңбектерін 1974-1975 жылдары “Ленинская смена” қазіргі “Экспресс-К” және “Лениншіл жас” қазіргі “Жас Алаш” газеттерінде жариялаған. КСРО Журналистер одағының, кейіннен Қазақстанның Журналистер одағының мүшесі. Жақын шет елдер (Мәскеу, Ташкент) БАҚ-да материалдары жарияланған. Білімі – экономист. Көпбасылымды, қалалық, облыстық және халықаралық газеттерде тілші болып қызмет атқарған. Араб және өзбек тілдерінде жазады. Ұйғыр, өзбек және корей газеттерінде еңбектері жарияланып, сондай-ақ негізгі оқырмандары Монғолия, Ауғанстан, Пәкістан, Иран, Қытай, Түркия және т.б. елдерде тұратын қазақ диаспоралары болып табылатын, араб әріпімен шығатын “Шалқар” газетінде жарық көрген.

Автор мақалаларында еңбек адамдары, соғыс ардагерлері, олардың жетістіктері мен мәселелері туралы айтады. Өзінің көптеген мақалаларында қазақстандық қоғамның қазіргі заманғы даму мәселелерін де шет қалдырмайды. Ол сонымен қатар елдің жеткен табыстары туралы нақты мысалдар келтіре отырып және әзірге алда тұрған жеңістер туралы оптимизммен қарапайым айтады. Оның мақалаларында қазақстандық интернационализм мен патриотизм байқалады. Отанға деген махаббатты, сондай-ақ еңбек ұжымдарындағы күнделікті өмірдегі адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарда рухани-адамгершілік аспектілерді әдепті қозғайды. Мақалаларының көп бөлігі орыс және қазақ тілдерінде шығады.

Б. Төлегенұлы көп жылдар бойы мемлекеттік қызметте жұмыс атқарып келеді. Қаржы және салық қызметі саласында, Қазақстан Республикасының Антимонопольдық комитеті Төрағасының баспасөз қызметінің

жетекшісі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің кеңесшісі болып қызмет істеген. Бүгін де өз еңбегін мемлекеттік қызметтің егінінде жалғастыруда.

Журналист Б. Төлегенұлы әлемдік маңызы бар адамзаттың және жеке қоғамдар мен мемлекеттердің дамуында “аса маңызды” роль атқарған – Дарвин теориясының, шамасыздығын сынап отырып, соның ішінде ресми баспасөз беттерінде соңғы 16 жылда батыл және ашық сөз сөйлеген алғашқы отандасымыз болып табылады.

Рүстемовті бүкіл адамзаттың келешегі мен болашағы да толғандырады. Жер бетіндегі кішігірім қақтығыстар тау басынан домалап түскен кішкентай тас секілді деп түсінеді ол. Бұл тастың аяғы жойқын көшкінмен, тасқынмен бітетінін айналасына түсіндіргісі келеді. Себебі ол ешкімді аямайды. Иә, мемлекеттер мен ұлттардың мүддесін қорғау деген түсінік бар. Бірақ та бүкіл адамзаттың да қорғалатын мүдделері бар. Көп тілді, көпұлтты елдердің арасында шекаралар бар. Егер де адамзат бүгінгі күнге карағанда ертең даналырақ болсын десек әрбір адам өз басынан бастау керек деп есептейді. Мемлекеттер арасында қайтадан соғыс болмасын десең, жер бетіндегі адамдар достықта өмір сүруі үшін, бейбітшілік болуы үшін – өзіңнен баста, дейді қаламгер. “Менің қолымнан не келер еді?” деме. “Сенің қолыңнан бәрі келеді!” дейді айналасына ойлы азамат.

Егемен Қазақстанның жаңа бас қаласы Ақмола Астанаға ауыстырылуы тек мемлекетімізге емес, сонымен бірге осы ұлы іске қатысқан әрбір азаматқа шабыт, күш пен рух беріп, бір көтеріп тастады. Бүгінгі еліміздің жеткен жетістіктеріне бүкіл әлем тандануда. Әлі де қазақстандықтарды көптеген ұлы істер күтіп тұр. Бұл кітаптің өмірге келуі тікелей жаңа астананың өмірге келуімен байланысты.

Бақыт Төлегенұлы еңбек жолын 1969 жылы бастаған. 1977 жылдан бастап мемлекеттік органдарда түрлі жауапты қызметтерді атқарып келеді. Өмірлік жолы мен қызмет саласындағы үлкен де бай тәжірибесін кейінгі жастарға үйретуде.

Бақыт Төлегенұлы көп балалы отбасынан шыққан азамат. Әкесі – Төлеген Рүстемұлы тарихшы, көп жылдар бойы Өзбекстан мен Қазақстанда партиялық және кеңестік органдарда қызмет атқарған. Бүгінде республикалық дәрежедегі зейнеткер. Анасы – Жәмилә Жанысбайқызы шет тілдер институтының түлегі, көп жылдар бойы екі республиканың мектептерінде неміс тілінен сабақ берген ұлағатты ұстаз.

Бұл үлкен әулетте, достығы мен мейір-шапағаты жарасқан жанұяда өздерінің он баласымен бірге ата-анасыз қалған екі жасөспірімдер тәрбиеленіп азаматтық дәрежелерге жеткізіліп, олар да үйлі-жанды болып отыр. Сексен жасқа жуықтаған асыл қарттар бүгінде 56 немере мен 25 шөбере сүйіп отыр.

Жалпы алғанда, Бақыт Төлегенұлының жеті перзенті бар. Алғашқы құрған шаңырағында үш бала дүниеге келген. Кешегі кеңестік компартия дәуірінде жанұяларға да егелік қылған коммунистердің арқасында жеңіл-желпі ойлайтын азаматтар Құдайды ұмытып, сәбилердің тағдыры мен болашағы жөнінде қысқа ойланып, шаңырақтың төбесін үй ортасына құлатқан болатын. Ол аз болғандай балалардың аты мен тегі өзгертіліп кеткен. Сол істердің ұйтқысы бүгінде о дүниелік болып кетсе де, кітаптың авторы ол анаға Құран бағыштап: “Жатқан жері торқа, жаны жәннәтта болғай!” – деп отырады. Бұл – өмірдің ащы да тұщы шындығы. Бүгінде Бақыт Төлегенұлы зайыбы Раушан Бұрханқызымен бірге бір ұл, үш қыз тәрбиелеп отыр.

Шымкент қаласының депутаты және Президиум мүшесі болған. 1990 жылы Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесіне кандидат. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Парламентіне кандидат болған.



## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАРЫМ!

Біздің елімізде мәдениет саласына үлкен көңіл бөлініп отыр. Әсіресе бұл істің басында Елбасымыздың тұрғаны қуантарлық жағдай. Қай саланы алмасақ та ол билеушіміздің назарынан тыс қалған емес. Мемлекет басшыларының ықыласы түскен салаларда өсу мен даму жолы шарықтай, жандана түседі. Төменде Президентіміздің руханият пен мәдениет саласының дамуына деген ыстық ықыласының куәсі ретінде ел азаматтарына, оның ішінде қаламгерлерге арнаған сөздерін келтіруді жөн көріп отырмын.

Автор

## ҚОҒАМ МЕН ӘДЕБИЕТ



*Адамзаттың барлық зұмыры кітапта орын  
тапқан: тайпалар, адамдар, мемлекеттер  
өмірден озса да, ал кітаптар – мәңгілік*

А. Герцен

*Өз елін сүймеген, ешнәрсені де сүйе алмайды*

Дж. Байрон



Қазақтардың рухани әлемі оның әмбебап жартылайфункционалдығын түгелдей дерлік әдебиет бойына үйлесімділікпен сіңіре алған. Біздің халқымыздың тарихы, оның дүниетанымы, ой өрісі, эстетикасы, көркем ізденістері, ақырында сана-сезімі – бұлардың қай-қайсысы болмасын әдебиет арқылы қалыптасқан. Ұлы Абайдың осы әдеби майданда ұлттың рухани жетекшісі ретінде танылып, мәңгіге есте сақталуы да тегін және кездейсоқ емес. Сондықтан біз қазіргі заманғы әдебиетті қоғамдық өмір мен ұлттық болмыстан бөліп қарастыруға қақымыз жоқ.

Тамырымен құпиялы – романтикалық серілік ән – жыраулардың дәуіріне жататын қазақтардың ақындық дәстүріндегі дәуірдің талаптары және өзгермелі ақиқаттың сұраныстарымен Абайдың келуі – оның туындыларының бүкіл жерге тән әлеу-

меттік үндеулерімен және қырағы азаматтылығымен тікелей байланысты. Келіп жеткен уақыт ұлттың өзін-өзі сақтап қалуының, оның дамуының, өмір үлгісі мен өндіріс үлгісінің, ұлттық психология табиғаты мен нағыз ұлттық мүдделерінің мәңгі туындайтын сұрақтарына жаңаша көзқарастың қажет екендігіне еріксіз көндірді. Мұндай сана – сезім идеясы бойлаған Абай бірінші болып адамгершілік ерлік жасады, осылайша біздің әдебиетімізді баға жетпестей байытты. Өзінің ақындық Вавилонын аспанға қалықтата отырып, ең маңыздысы туралы ұмытқан жоқ – ол әсем, жоғары көркем архитектураниканы өзінің жүрегінің қанына араластырған және Жаратушының жаратқан кезде қазақтың бойына берген адамды сүю, әлеуметтік жауапкершілік және бүкіл өркениетті әлеммен бірлікте болу ұғымдарын қалай сақтап қалу керек, қалай өсіру және көбейту керектігі туралы ойлармен күйдірілген кірпіштерден қалады.

Өмір сүріп отырған кезеңімізде біз теңдессіз орасан күрделі сұраныстарымен сипатталатын жаңа уақыт жолағына кіреміз. Ұлттық, тарихи құндылықтар мен идеалдар контекстінде – қазақ халқының мүдделері мен көп ғасырлық армандары орындалған кезде тәуелсіздікке ие болатын уақыт келді. Оның үстіне ауыр жүкті иығына артқан Абайдыкінен де кем емес дана және ақылмен сарапталған қырағылықты, болжағыштықты, өзін-өзі азаматтық құрбан етуді, міндет пен рөлді ой елегінен өткізу энергиясын, қателіктерден сақтана білуді қажет ететін ол жүк біз үшін жауапты болады.

Бұл кезең маған ескі дала жолының саласындағы торап болып елестейді. Алайда бұл – дәстүрлі ұлттық мәдениеттен бөліну-дің ешқандай нүктесі емес, керісінше, отарлық тәуелділік жүз жылдықтары ішінде орнаған депрессивті психологиямен қайғысыз қоштасулар шегі, санасыз манкуртизмнің құрсауынан босатылу, кеңестік кезеңде табындыртқан әдебиеттегі айлакерліктің тәсілдерінен тазару. Мұның бәрі бізді өзіміздің руханилық керуенімізді Тәуелсіздіктің тамаша жаңалықтарымен, сол сияқты қауіпті жолдарының әлі зерттелмеген, орындалмаған бағыты бойынша еш қорқынышсыз және сөгіссіз, күдіксіз және өкінішсіз ұлы жорыққа апаратындай, – тарих пен әдебиетке жаңа қадамдар мен сапа деңгейіне ұжымдық көзқарас парадигмаларын көтеруге міндеттейді.



Алғашқылардың және әлі жақын арада мәселелер қатарынан алып тастауға жатпайтындардың арасында – біздің тәуелсіздігіміз, оны тарих тұрғысынан терең зерттеу, оның мәнісін халықтың жоғары мұрасы ретінде ашу мәселесі тұр. Барлық кезеңдерде және бүкіл халықтарда тек ортақ мақсат пен ортақ мүдде бар жерде ғана ұлттық бірігу туралы айту мүмкін болған ғой. Біздің мақсатымыз өз көрінісін Тәуелсіздік идеясынан тапты. Біздің халық, ұлт, мемлекет ретінде тіршілік етуіміздің негізгі қалаушы шарты да сонда.

Тәуелсіздік, дербес мемлекеттілік жариялау әрекетімен шектелмейді: мемлекеттің экономикасы мықты және дамыған, оның ішкі және сыртқы саяси бағыттары реттелген, ал қоғамның бейбіт және тұрақты өмір жағдайларында оның мәдениеті жан-жақты дамып жатқан кезде ғана мемлекет толыққанды және дербес болады. Мемлекеттілікті нығайту – бұл биліктің ерекше міндеті емес, керісінше қоғамның интеллектуалдық элитасының, өнер және әдебиет қайраткерлерінің, ақырында, осы қоғамды құрайтын бүкіл халықтың жан-жақты құрметті борышы.

Қазіргі күндегі белгілі әлемдік интеграция туралы тезисті біз ерекшеліктің барлық белгілерінің бір деңгейге келуін бастан өткеріп, солардың арасында адасып қалып қосылу ретінде емес, жердің алдыңғы қатарлы бірдей қауымдастықтарына, өркениетті халықтарына кіру ретінде түсінеміз. Біздің алдымызда туындаған дилемма туралы бізге тағы да мынау белгілі: берік, бәсекеге қабілетті жүк болмаған кезде позицияларды теңестіруге әрекет жасаудың мағынасы да жоқ, бірақ жаһандық процестерден оңаша үй болып өмір сүру де – өзінді әлемнен тыс қалып қоюды білдіреді.

Әлемді жақсы жағына қарай өзгерткің келе ме – өзіңнен баста. Әлем секілді бұл ескі ақиқат біздің контекстімізде өткен түннің болғанына көңілің толмай, біздің ортақ үйіміздегі азаматтық әлемді және этникааралық келісімді күннен-күнге нығайтуға итермелейді. Өйткені біз басқалардың мысалынан көреміз: кімде-кім өзінің үйінде сыйымсыз және бақытсыз болса, оның бүкіл әлемде де бақытты еткен адамы шамалы.

Егер бұл мәселені шешу аясында саясаткерлердің өз әдісі болса, әдебиетшілердің де үлесі бар екені даусыз.

Өз ойымды білдірейін: маған белгілі қазіргі заман әдебиетінен оқырман ретінде, өкінішке орай, біздің тәуелсіздігімізді паш ететін толыққанды, көлемді шығарма көре алмадым.

Әрине, әдеби туынды, көбінесе, ірі эпикалық көлемдегі туынды жасап шығаруға уақыт қажет. Егемендігімізді алғаннан бергі өткен он жыл, келісіңіздер, өткенді шолып, болашақты бейнелеуге үлгеру үшін жеткілікті мерзім екендігі шындық.

Өткенге баға бере отырып, біз болашаққа апаратын жолды анықтаймыз. Және де егер тарихи өткенімізге және рухани мұрамызға біздің беретін бағамыз кенеттен нақты емес және күнгірт болса, онда біздің болашағымыз да сонша қарауытқан және тұманды болып көрінбейді ме? Сондықтан ең болмағанда “оптикалық нақтылық” тапсырмалары үшін әдебиетте барлық заттарға деген көзқарасты тәуелсіздік тұрғысынан бекіту уақыты жеткеніне сенемін.

Өнер мен әдебиеттің адамдарды біріктіруінің сиқыршылық қасиеті ертеден-ақ белгілі. Қоғамның барлық орталарында жүргізілетін өзгерістер мен біздің мемлекетіміздің белсенді интеграциялық сыртқы саяси бағыттарының болуы көп ұлтты Қазақстанда өріс алатын ішкі саяси тұрақтылықсыз, бейбітшілік пен бірліксіз мүмкін емес еді. Бұл қазақ әдебиеті мен өнеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Іс жүзінде, өз бірлігінде әртүрлі болып келетін біздің халқымызға жалпылайтын емес, керісінше адамдарды шоғырландыратын, Отанды сүйуге және оған қызмет етуге, және осы негізде – бүкіл адамзатты жақсы көруге, құрметтеуге және бағалауға шақыратын аса жоғары үлгідегі ұлттық көркем әдебиет қажет.

Бүкіл ұлттық әдебиеттер үшін барлық кезеңдерде де патриотизм тақырыбы болған, бар және негізгі басты тақырыптардың бірі болып қалмақ. Қоғам мен әдебиеттің эволюциясының өзара алмасуы батырлық эпостық жанрдың өзінде отанды қорғау халық санасында адамның ең қасиетті борышы ретінде қалыптасқандай. Тарих тәлкегі, мысалы, патшалық дәуір кезіндегі патриотизмнен сезім ретінде оның ұлттық мазмұнының ұшқындауынан және патриотизмнің саяси жүйенің қажеттіліктерімен ғана байланысты жақтарынан ғана қарастырылуынан тұрады. Тұтас халықтардың адасуының мұндай қайғылы нәтижелері бүгін де кездеседі, өзін жарық дүниеге әкелген туған



халқының мүдделеріне қарсы ашық сөз сөйлейтін біреулер де көзге түседі. Бұл құбылыс – күлкілі емес, қауіпті жағдай. Сондықтан жас ұрпақты патриоттық рухқа тәрбиелейтін шығармалар жазып шығару – біздің қалам шеберлеріміздің маңызды міндеттерінің бірі.

Қоғамның есею деңгейі бірінші кезекте оның руханилылығының дәрежесімен анықталады. Бүгінге және ертеңге белгіленген аса үлкен тапсырмалардың жүзеге асырылуы қазіргі және оның орнына келе жатқан ұрпақтың ақылымен және ағартушылығымен, оптимизмімен және гуманизмімен, іскерлігімен және икемділігімен тікелей байланысты. Ынтызар ақылдың, мейірімді жүректің, шебер және таза қолдардың тәрбиесіне келсек – бұл әдебиет пен өнердің абсолютті шексіз құқығы.

Адам мен оның уақытының өзара қарым-қатынастары өте күрделі мәселе. Көптеген әртүрлі пікірлер адамның дәуірге тәуелділігі пәніне, сонымен қатар дәуір тағдырындағы тұлғаның алатын рөліне қатысты да айтылған. Біздің көпшілігіміз белгілі саяси жүйе арқылы қоғам өзіне қажетті адам типін жасап шығарады деп сендірген идеологияны да бастан кешірдік... Одан да ертеректе адам түзелмейінше – дәуірді түзету мүмкін еместігі туралы идея айтылған болатын. Тоқ етерін айтқанда, ақиқат ортасында және даудың мәнісі бұл инстанциялардың қайсысының әсері күштірек екенінде емес, бұл әсер ету орталықтарының үздіксіз күресі мен ажыратылмас бірлігін тануда. Неліктен өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мәселесі әлі де әдебиеттің органикалық және бірінші кезекті тапсырмалары аясында?

Бұл үшін әдебиет пен өнердің нағыз мінсіз және жоғары сапалы туындыларына жол беру керек. Және сонымен қатар кеңестік кезендерде туындаған әдебиеттен алаяқтыққа, талғамды бұрмалаудан және әдет-ғұрыпты төмендетуден басқа ештеңеге әкелмейтін жеңіл жазушыларға және жалған туындыларға жол бермеу керек. Басты критерий – кәсіби шеберлілік.

Шындығында, қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихы керемет және үлгі аларлықтай. Мысалы, ХХ жүзжылдықтың 20-шы жылдары қазақ романдық жанры пайда болмай жатып, қысқа уақыт ішінде жалпы әлемдік биіктерге жете алды, және Мұхтар Әуезовтың ғасыр ортасындағы “Абай жолы” біздің халқымыздың шығармашылық потенциалын толықтай көрсете білді.

Сондықтан үлкен әдебиеттің биіктігі мен ұлылығы туралы және өз жетістіктеріміздің мәртебесін кездейсоқ томендетіп алмау туралы да ойласақ жақсы болар еді.

Жазушы – ол тек шығармаларды ғана жазбайды, сонымен қатар ол – қоғамдық қайраткер. Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және көптеген басқалары – бұлардың барлығы өз тағдырын елдің және халықтың тағдырымен байланыстырған керемет азаматтары болған. Сыртқы қауіп-қатер болсын, егемендікке және тәуелсіздікке қастандық жасау немесе жас мемлекеттің тағдыры мен оның одан арғы дамуын анықтайтын маңызды саяси-қоғамдық оқиғалар болсын, жалпы халықтық сынақтар кезінде нағыз жазушы халықтан бөлек кетпейтіні туралы айтудың қажеті бар ма?!

Біздің әдебиетшілеріміздің ар-намысына, олардың көбісі тәуелсіздік жылдары ішінде еліміздің тағдырындағы шешуші процестерге белсене қатысты. Сол белсенділіктің инерциясына, өтпелі кезеңнің тұрмыстық мәселелеріне сүйене отырып, популистік “ұпайларды” жеңіл жинайтын жалған қорғаушылардың зар жылауларына батып кетпейтіндей табысты дамыту мен ары қарай да осылайша деңгейді сақтауға кедергі жасамас еді.

Айтатын несі бар, біздерде егер жалғыз олардың жағдайы жаман болса, бәріне және барлық жағынан жала жаба бастайтындар да бар, және...егер президиумда болатындай күн туа қалса... лезде жібектей болып, мейірлене түседі. Оларды кеудеден итеру міндетті емес, керісінше – осылайша қоғамдағы тұрақтылықты нығайта отырып, бүгінгі күнгі қиындықтардың себептерін анықтау керек.

Және бұл жағдайда жазушылар ұзақ жылдар бойы жазып жатқан романдарын уақытша қоя тұрып, Отанға пайда әкелу үшін толықтай жедел жанрға, публицистикаға жүгіне алады.

Қазіргі экономикалық жағдай өзінің суығымен шығармашылық тізбекті де қозғап, соның салдарынан жазушылар мен суретшілердің белгілі бір қиындықтарды бастан кешіріп жатқандары да таң қаларлық оқиға емес.

Мемлекет тарапынан оларға қажетті көмек көрсетілуде. 1995 жылдан бастап әдебиет пен өнердің танымал еңбек сіңірген қайраткерлеріне, сондай-ақ жас дарындарға Президенттік шәкіртақы



төленеді. 2000 жылдың 3 сәуірінен менің Жарлығыма сәйкес жазушылар мен өнер қайраткерлері үшін Мемлекеттік шәкірт-ақы тағайындалды. Бұл бастаманы Астана мен Алматы қалаларының және облыстарының барлық әкімдерінің қолдауы республика көлемінде жер-жерде шығармашылық интеллегенцияға материалдық көмек көрсетуге мүмкіндік берді. Мүмкіндікке қарай көмек көлемдері мен мекен-жайлары алдағы уақытта кеңейетін болады.

Жазушылықтың – тек қана ақшалай сыйақы үшін жүзеге асырылатын жалданбалы еңбек емес екені белгілі. Айқын дарынға өз туындыларын жасауға тыйым салғанды да көз алдына елестету мүмкін емес. Өйткені қаламның нағыз батыры міндетті түрде туады және өзінің халқына перзенттік махаббатпен азықтанады.

Әдебиетшінің перзенттік борышы туралы, бұл – міндеті мен жауапкершілігінен өсіп шығатын жазушының қанаттары, шығармашылық шабытының шарықтауымен берілетін оның таусылмас рухани азығы екені белгілі. Бұған қазіргі қоғамдағы болып жатқан аса зор өзгерістерді қосыңыз – көркем әдебиет үшін аса бағалы және ұшы-қиырсыз материал. Тығырыққа тірейтін цензура да жоқ. Халық еркін және оның ойы да еркін. Басқаша сөзбен айтқанда, сіз бен біз сирек сәттіліктің арқасында маңызды тарихи оқиғалар уақытына тап болдық, жай қарап отыру және қолдарына қалам алмауы да мүмкін емес.

Егер бұлай болса, жолдарыңыз болсын, құрметті сөз шеберлері!

**Нұрсұлтан Назарбаев,  
Қазақстан Республикасының Президенті**



## ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТКЕ ЖОЛ АШУ

Кеңестік империя тараған соң барлық республикаларда даму үшін бірдей жағдайда болды. Бұл тарихи кезеңді оңтайлы пайдалана алғандар шамалы. Солардың бірі – біздің Қазақстан. Жаңа астанамыз бүгінде біздің мақтанышымыз. Күн санап егемен елімізбен бірге есейіп келеміз. Соңғы он бес жылдың ішінде ұлы істер істелінді. Бүкіл әлем Қазақстанды таныды. Экономикамыз қарқынды дамып келеді. Енді мәдени мәселелерге көңіл болетін уақыт келді.

Әлемдік мәдениет шексіз, оның ішінде әдебиеттің орны бөлек. Әрине ұлттық әдебиетіміз бізге танымал да әрі жақын. Дегенмен егер мәдениетімізді көтергіміз келсе, ой-орісімізді кеңейтіп байытқымыз келсе әлемге әйгілі болған классиктердің еңбектерімен танысуымыз қажет. Себебі әдебиеттегі жанрлардың ішіндегі проза мен өлең болсын, әлем халықтарының тарихы болсын, драматургия болсын, публицистика болсын – бұлардың бәрі әлем әдебиетімен танысуға үлкен үлес қосып, сол мәдениетті түсінуге ықпал жасайды. Алпауыт елдердің ұлттық әдебиеттерімен танысып, оларды салыстырмалы пайымдауға болады. Сол кезде өзіміздің мәдениетіміздің қандай деңгейде екенін де аңғара бастаймыз. Өзге ұлт өкілдерінің мәдениетіне пікірлерімізді білдіре бастаймыз.

Сөз қашан да құдіретті. Сөз адамға күш пен қуат береді. Біздің Ұлы Даламызда уәжді сөзге тоқтамайтын адам баласы болмаған. Сөз – тәрбиелеген, батырлыққа жетелеген. Біздің еліміздің рухани мәдениеті мен тарихы Гомер және Сократпен теңдес. Ұлы Даламыздың ұлы ұстаздарымыздың лайықты шәкірттері бола алсақ, бұл – үлкен бақыт.

Жазушыларымыздың, рухани ұстаздарымыздың жанға жайлы қуат беретін асыл сөздері бізді өмірдің қиын өткелдерінен алып шығады. Рухтылығымыз елімізді ауыр кезеңдерден аман өткізеді. Кітап – бізді қорғауға, сенуге, шыдамдылыққа, кешірімділікке, өсіп-өркендендеуімізге жәрдем беруі керек. Рухани күш беретін кітаптарға қажеттілігімізді оятуымыз ләзім.

Егемендікке жеткен еліміз парасаттылығымен жақсылыққа ұмтылып келеді. Бұл халқымыздың көп ғасырлардан бері аңсап келген арманы. Еліміз бен жерімізді сүйетін, оның өркендеп гүлденуіне аянбай еңбек ететін нағыз кезең – бүгінгі күн.



Айналамызда таныстарымыз баршылық. Олардың әр істі пайымдаулары да әртүрлі. Менің бір жазушы танысымның билікке деген көзқарасы менікімен үйлеспейді. Бірақ ол мықты әдебиетші. Сондықтан менің онымен пікірталасым мәдениет пен әдебиет төңірегінде өрбиді. Творчествосының дамуы жолында жүрген адам рухани байлыққа кенелетіні сөзсіз. Рухани байыған сайын азаматтың патриоттық сезімінің деңгейі де көтеріле береді. Бұл жерге саясат араласып ұрпаққа қалдырар құнды рухани байлықтарымыздан айырылып қалмауымыз керек. Рухани байлығымыз дамыған сайын қоғамымыз бен мемлекетіміздің де күші байи түсіп, халықаралақ деңгейде абыройымыз өседі.

Тек өз мәдениетіміз бен әдебиетіміздің төңірегінде жүрмей бүкіл әлемдік дәрежелерге көтерілген жазушылар мен ғалымдардың еңбектерімен таныс болуымыз шарт. Бұл да Елбасымыздың талабы. Мысалы, Нобель сыйлығын ұсына басталғаннан бергі 1901 жылдан 2007 жылға дейін әдебиет саласы бойынша бүкіл әлемде жүз жазушы ғана бұл атаққа ие болды. 1935 жылы және 1940-1943 соғыс жылдарында әдебиет саласының өкілдеріне сыйлық берілмеді.

Айналаңызды зерттеп отырсаңыз не бір қызық жағдайларды байқайсыз. Мәселен, біржарым миллиард халықты құрайтын мұсылман қауымының ішінен соңғы отыз жылда тоғыз Нобель лауреаты шығыпты. Ал небәрі он миллионнан астам еврей халқы осы мерзімнің ішінде жүз елу лауреатты беріп отыр.

Соңғы жеті жылдың ішінде әдебиет саласының өкілдерінен Нобель сыйлығының лауреаты болған (2007 жыл) Дорис Лессинг, кезінде Иранда туған. 1949 жылдан бері Лондонда тұрады. 2006 жылы Түркиядан Орхан Памук лауреат болды. 2005 жылы Гарольд Пинтер – Англиядан, 2004 жылы Эльфрида Елинек Австриядан. 2003 жылы Джон Кутцие – Оңтүстік Африкадан, 2002 жылы Имре Кертес – Венгриядан, 2001 жылы Видиадхар Сурайпрасад Найпол Тринидад – Табагодан, 2000 жылы қытайлық Гао Синцянь лауреат болды. Бұлар әрине өз елдерінің үлкен мақтанышы болып саналады.

Еліміздің экономикалық жағдайы қандай да болсын мәдени шараларды қолдауға бүгінде шамасы келіп тұр. Әлемдік халықаралық қауымдастығы біздің тек экономикамыздың көрсеткіштерін бақылап отырған жоқ, сонымен бірге мәдени дамуымыздың

қарқынына да көздерін қадап отыр. Осыны ескере отырып, «қарлығаш қанатымен су сепкендей» мен әлем деңгейінде танымал болған жазушылар мен ғалымдардың, мемлекет қайраткерлерінің, олардың арасында Нобель сыйлығына лауреат болғандардың шамам келгенше еңбектерін қарап шығып, әңгімелерінің үзінділерін өз оқырмандарымыздың, кітап сүйер қауымның назарына ұсындым. Әрине аудармамен айналысу оңай шаруа емес. Бірақ ерте ме, кеш пе біреу осынау күрделі істі бастауы керек. Қазақ халқы және қазақстандықтар ең көп оқитын біліми дәрежесі биік ел. Әлемдік деңгейдегі әртүлі сыншылардың талқысына түспеу үшін әлемге аттары танымал болған жазушылар мен ғалымдардың еңбектерімен таныс болғанымыз ләзім. Мұны мемлекеттік дәрежеде қолға алу да керек шығар.

Біздің мәдениетімізді, әдебиетімізді, әдет-ғұрыптарымызды жақсы білетін және білуге ұмтылған өзге елдің азаматтарын қалай көтермелеп және құрметтеп сыйлаймыз. Сол сияқты басқа елдер де біздің білімділігіміздің деңгейін біліп көргісі келеді. Кезінде ұлы Абай орыстың «Евгений Онегинінен» үзінділерді қандай шеберлікпен аударғанын бәріміз жақсы білеміз.

Рухани азық болатын кітаптарды бүгінде табу қиын. Себебі дүкендердің иелері оларды сату пайдасыз деп есептейді. Өкінішке орай, еліміздің кітап пен газет-журнал дүкендерін фантастика, детектив және басқа да жағымсыз жанрдағы дүниелер басып кеткен.

Шындап айтсақ, біздің мәдениетімізді әлем бүгінде өзіне тең көріп отырған жоқ. Аудармалардың көбісін орыс тілінен жасаймыз. Бұл дұрыс емес. Дүние сапасы мен маңыздылығын жоғалтады. Түпнұсқадан аудару керек. Қоғамымыздың мәдени дамуына ықпал жасауымыз қажет. Ой мен өрісіміздің кеңейюі, рухани баюымыздың сапасы айқын және биік болу керек. Мүмкін әлем әдебиетін қазақ тіліне, қазақ тіліндегі шығармаларды әлем тілдеріне аудару үшін конкурстар жариялаған дұрыс шығар. Мұны түсіну үшін де кейбір азаматтарымызға уақыт керек болып тұрған сияқты. Жаһандану процесі өрмекшінің ұясы іспетті әлемді шырмалап алды. Әлемнің мәдени мұхиттарында өзімізді жоғалтып алмау үшін көптеген істерге бүгіннен бастап кірісу керектігін уақыт көрсетіп отыр.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІРІНШІ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВ ТУРАЛЫ

2003 жылы басшыларымыз мені алдына шақырып Украинадан келген екі азаматпен таныстырды. Олар Лев Ежевский мен Владимир Базарянинов болатын. Келген себептері – кезінде еліміздің жолдамасымен Украинаға барып, білім мен тәжірибелерін арттыру үшін барған қазақ азаматтары туралы кітап жазу екен. Сол кездегі секторымызға жаңадан меңгеруші болып келген Дархан Қәлетаев мені қонақтармен таныстырды. Лев Рудольфович Ежевский кәсіби-техникалық училищеде Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың күрестен жаттықтырушысы болған, ал екіншісі журналист екен. Біраз уақыт бірлесіп жұмыс істеп, облыстардағы кездесулерді ұйымдастырдық. Қонақтарымыз көп жылдар бойы көрмеген, бүгінде немере сүйіп отырған училище түлектерімен кездесті. Біздің Елбасымыз туралы көптеген жақсы әңгіме-естеліктерін төкті. Өмірде көпті көрген ұлағатты ұстаз екені Ежевскийдің әрбір сөзінен байқалып тұрды. Кітапқа лайықты материалдар жиналған соң Дархан Қәлетаевтің, Біржан Қанешевтің, Марат Тәжиннің, Нұртай Әбіқаевтың атына дән ризашылығын білдіріп, елдеріне оралып “Своими глазами” атты тарихи-публицистикалық очерк жазды.

Қазақ халқы, қазақ жері сонау көне дәуірден бүгінгі күнге дейін көзімен не көрмей, басынан не өткізбей келе жатыр десеңізші. Қаншама сұлтандар мен хандар өтті өмірден. Атадан қалған аманат – қиын-қыстау заманда бас қосып бірігу, ортадан ынтымақтасып Елбасын сайлау, қолбасшысын сайлау. Сол сенімін артқан ұлымен бірге, оған тілектес болып, көмекші болып, беделін көтере отырып ұйымшылдығымен қара-қапас замандарда жеңіске жетіп, жарыққа шығып отырған сұлтандар да, хандар да, хатшылар да тарихымызда көп болды. Ал солардың арасынан халықтың есінде қалғаны, аттары ұрпақтан-ұрпаққа жеткендері санаулы ғана. Бұл – Керей хан мен Жәнібек хан, алғаш қазақ хандығын, мемлекет болып қалыптасуымыздың, қазақ деген атпен айналамызға танылуымыздың басында тұрған ұлы азаматтарымыз. Олардың бастаған ісін жалғастырушылар – Қасым хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Кенесары хан. Бұлар да қазақ жерінің, қазақ халқының ұлы тұлғалары. Кешегі кеңес дәуірінде ерен

еңбегімен есте қалғандардың бірі халқымыздың аяулы перзенті – Дінмұхамед Қонаев.

Бәріміз де қазақ деген ұлы халықтың перзенттеріміз. Қай салада қызмет етсек те, еліміздің, жеріміздің гүлденуі үшін еңбек етіп жатырмыз. Кешегі Ұлы Отан соғысында да генералдар мен маршалдар қарамағындағы солдаттардың арқасында ұлы жеңіске жетті.

Сол кеңес дәуірінен бастап бүгінгі күнімізге дейін елімізді басқарып, алға жетелеп келе жатқан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы басқа да айтылып, жазылып жатқан деректерге қосыла отырып, мен де өз ойымды ортаға салғым келді.

Украинада шыққан кітап сол елдің азаматтарының біздің Қазақстанға деген қызығушылығын арттыра түсіпті. Сондықтан украиналық достарымыздың біздің Қазақстанға деген ыстық ықыласын, ақ ниетін, біздің қонақжайлылығымызды өз елдерінде паш еткен, көптеген әңгімелерінен қысқаша үзіндісін аударып назарларыңызға ұсынып отырмын.

### **Елдің басшысы болып қалыптасу оңай ма?**

Президент, Премьер, Бас хатшы және өзге ұлт көсемі болып қалай қалыптасады? Халық даналығы: “ұлы болып ешкім тумайды” дейді. Ендеше қалай?

Біздің очеркіміздің кейіпкері – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – қарапайым шаруа адамының ұлы. Бұл кісінің ата тегінен оқырман қауым ақсүйектікті таба алмайды.

Мүмкін, мәселе Назарбаевтар әулетінде берік сақталған және қатты құрметтелетін жеті атасына дейін әулетін білуге тиісті ұлттық салт та жатқан болар? Сірә, ауыр балалық шақ, бала күнінен санасында жатталып қалған жақсы мен жаман, ақиқат пен өтірік сияқты ұғымдарды ажырата білу, әр адам үшін ұлттық қарым-қатынастың қымбатты сыйын сақтай білуді сезінуі де шығар.

Н.Ә. Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы Шамалған ауылында туды. Соғыс ауыртпалығы, жақсы достармен күнделікті қарым-қатынасы, ал олардың арасында орыстар, украиндықтар, немістер, болгарлар, түрік месхеттері, тағы басқа да ұлт өкілдері аралас орыс-қазақ мектебінде оқуы, қызылша алқаптарындағы әке-шешесімен бірге атқарған ауыр еңбегі, үй шаруасы, малды күтіп-жайлау – осының бәрі де жас Нұрсұлтанға

міндет, парыз, адамгершілік саналды, қол ұшын беру, адамдарды ұлтына қарай емес, азаматтығына қарай лайықты бағалауға үйретті. Сондықтан да болар, жас кезінен бастап жұмыс істеп, ақша тауып, үй ішіне көмектесу қажеттілігін түсінді. Себебі ол үйдің үлкен ұлы болды.

Інілері мен қарындастарына қамқор болу – тіпті әуелгі, санасыз түйсік, бірақ басқалардың тағдырына жауапкершілікпен қарау – болашақ жетекшінің мінез-құлқын қалыптастырды.

Қаршадай қазақ баласынан болашақта ұлт көсемі шығатынын тәжірибелі жұмысшы, № 8 кәсіптік-техникалық училищенің оқу мастері (қазіргі № 22 кәсіптік-техникалық училище) Погорелов Дмитрий Изотович байқап, келешекте Нұрсұлтаннан зор үміт күтеді.

Біздің тарихи очеркіміз “Көсемдер қалай туады?” деген ғылыми трактаттық зерттеу емес. Бұл Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жас жігіт шағына, оның металлург – жұмысшы мамандығын игеру мақсатында украин топырағына аяғы тиген кезіне қайтара жасалған шолу. Бұл жас Нұрсұлтанмен Украина жерінде бірге оқыған қазақ жігіттері туралы, олардың тағдыры және тәуелсіз Қазақстанның дамуына қосқан үлесі жайлы, әлемдік қоғамдастыққа сенімді қадам басқан елдің жетістіктері жайлы әңгіме болмақ.

1958 жылдың ыстық жазында Днепрдің жағасына орналасқан Днепродзержинск қаласына алыстағы таулы өлкеден, даладағы ауылдардан бір топ қазақ балалары келді. Олардың алдында металлургия зауытында тау-кен мамандығын, кранның машинистері, жылу құбырларының дәнекерлеушілері мамандықтарын меңгеру тұрды.

Сол кезде елдегі ең ірі металлургия комбинаттарының бірі салынып жатқан Теміртау қаласының аты Қазақстанда танымал бола бастады. Міне, сол комбинатқа өзінің ұлттық кадрлары қажет болды. Қазақстан үкіметі сол кездегі Кеңес Одағында “кадрлардың ұясы” саналған Днепр металлургия зауытының № 8 техникалық училищесіне оқуға 67 жас баланы жіберуді ұйғарды (жіберу туралы шешім қабылдады).

Днепрдің биік жағасы оңтүстік жағалауында өндірісті қала – Днепродзержинск қанат жайған. Бұл қаланы еңбекші қала, жұмысшы киіміндегі қала деп тегін атамаған. Қаланың негізі завод-



пен байланысты. XIX ғасырдың аяғында қаланың негізі қаланды. Днепр жағалауындағы Комьянск селосында шетелдік капиталистер ірі металлургиялық завод салған. Бұл село халқының тез өсуіне ғана ықпал еткен жоқ, сонымен қатар селолық жерге тән емес инфрақұрылымды қалыптастырды. Соның нәтижесінде 1917 жылы Комьянское селосына қала дәрежесі беріліп, 1936 жылы Днепродзержинск деп аталды.

1958 жылы Днепр металлургия комбинаты осы саладағы жетекші өндіріс орындарының біріне айналды. Біздің елімізде бірінші болып домна пештерінде өтетін оттегін пайдалану жұмысы игерілді. Домнамашылар № 8 пешке жаңа конструкциялы аппаратын орналастырды. Прокатчиктер өндірістің жаңа жеңілдетілген тәсілін меңгерді, сортты стандартқа аппараттарды орналастырды. Елдегі ең арзан шойын Дзержинскіде өндірілді. Ауысым шебері Василий Федорович Пильтяйға өндірістегі жоғары көрсеткіштері үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Қазақстан үкіметінің өз металлург кадрларын әзірлеуде Днепр металлургия комбинатын таңдауы тегін емес еді.

Қазақ жастарына қала ұнады. Қаланың аумағы 7,5 мың гектарды алып жатса, ұзындығы шығыстан батысқа дейін 17 км, солтүстіктен оңтүстікке дейін 9 км еді. Қалада 35 өндіріс орны, 200 мың халық болды. Днепродзержинск қазақстандық балаларды жылы қарсы алды. Техникалық училище кең, жарық, көп қабатты, жалпақ басқышты және жақсы жабдықталған кабинетті болды. Училище әкімшілігі балалардың болашақ мамандықты иеленуіне қатаң қарады: “мықты бала – домнамашылар тобына жарамды” деген талап ескерілді. Бұл топқа ең шыныққан, шымыр денелі балаларды алды. Тау кен жұмыстары қазір де оңай емес, ал ол кезде бұл жұмыс тек күшті, төзімді, жүйкелі, мықты адамдардың ғана үлесіне тиді. Оқу корпусының үшінші қабатындағы жатақхана бөлмелерінде жататын орындар тұрды.

Қатары сан түзеген үлкен ыдыстарда гүлдер тұрды. Асханада тәтті борщ пен пирогтың дәмді иісі мұрын жарады. Оқушылардың өмірі тәртіпті режимге бағынған: ерте тұру, сапқа тұру, кезекшілік... Қатаң тәртіп. Кең де жарық класс бөлмелерінде балалар жалпы білім мен арнайы пәндерді, жұмыс принциптерін, қорыту технологиясын – құю орнында жұмысты ұйымдастыруды, механизмдермен жұмыс істеуді меңгерді.

Қалада да, заводта да адамдарды қатал тәртіп заңына бағынған жұмысшы ортасы тәрбиеледі. Қазақстандық топтың кезекшілері таңғы сағат 4-тен оянып, швабраға ұмтылатын. Одан кейін сағат алтыда ұйқыдан тұру. Ұйқысы қанбағандарға завод гудогы аяусыз болатын. Таңертеңгі дене шынықтыру, оқу, заводтағы жұмыс... Училищенің қатаң тәртібі кейін Қазақстаннан келген әрқайсысының өміріне жағымды әсерін тигізді.

Төменде 1958 жылы Днепродзержинскіге келген балалардың аты-жөндері көрсетілген.

№	1	2
1	Денлов Мырзабай	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
2	Ырысыметов Досмат	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
3	Исламқұлов Қайрат	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
4	Исаев Тезек	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
5	Қашағанов Олжабай	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
6	Қуатбеков Пернебай	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
7	Қалысов Тоғай	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
8	Құлтасов Шарынбек	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
9	Құрбаналиев Ханәлі	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
10	Мұхаметжанов Бекболат	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
11	Мамбеталиев Баубек	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
12	Мұқаметжанов Келіс	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
13	Нәрікбаев Мақсұт	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
14	Оразбаев Ысмайыл	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
15	Рақымбаев Ескендір	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
16	Розыбакиев Тұрсын	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
17	Әбуов Абылаш	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
18	Тұрсынхаджиев Орманхан	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
19	Арынов Ырысбек	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
20	Бегметов Ахмат	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
21	Баймұқанов Мейірман	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
22	Сапарбаев Ермінтай	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
23	Әбуов Әбила	Құю және бөліп құю кранының машинисі
24	Абасан Алтынбек	Құю және бөліп құю кранының машинисі
25	Гаитов Октябрь	Құю және бөліп құю кранының машинисі
26	Джамбетов Серікбек	Құю және бөліп құю кранының машинисі
27	Жұмабеков Бәкір	Құю және бөліп құю кранының машинисі
28	Еркінбеков Сауытбек	Құю және бөліп құю кранының машинисі
29	Жүнісов Естай	Құю және бөліп құю кранының машинисі

№	1	2
30	Избасаров Сәбит	Құю және бөліп құю кранының машинисі
31	Ибрагимов Сатыпалды	Құю және бөліп құю кранының машинисі
32	Имамдунов Замандун	Құю және бөліп құю кранының машинисі
33	Еслямов Жұлдыбай	Құю және бөліп құю кранының машинисі
34	Кәрімов Әсетолла	Құю және бөліп құю кранының машинисі
35	Қойманов Жұмабей	Құю және бөліп құю кранының машинисі
36	Қасымбеков Айдархан	Құю және бөліп құю кранының машинисі
37	Матқалиев Әбдіжапар	Құю және бөліп құю кранының машинисі
38	Тажбенов Марат	Құю және бөліп құю кранының машинисі
39	Оразбеков Мэлс	Құю және бөліп құю кранының машинисі
40	Тасбалтаев Рысбай	Құю және бөліп құю кранының машинисі
41	Тәтімұмов Мақаш	Құю және бөліп құю кранының машинисі
42	Мырзаметов Әкбар	Домна пешінің екінші балқытушысы
43	Ақматаев Марат	Домна пешінің екінші балқытушысы
44	Құрманбеков Баянбай	Домна пешінің екінші балқытушысы
45	Әбдіраманов Аманәлі	Домна пешінің екінші балқытушысы
46	Батырханов Сақан	Домна пешінің екінші балқытушысы
47	Балмұрзаев Жұман	Домна пешінің екінші балқытушысы
48	Еспаев Долтобай	Домна пешінің екінші балқытушысы
49	Жанарбаев Рахматолла	Домна пешінің екінші балқытушысы
50	Құрбанов Тұржан	Домна пешінің екінші балқытушысы
51	Қырықбаев Әмірбек	Домна пешінің екінші балқытушысы
52	Қыстаубаев Марат	Домна пешінің екінші балқытушысы
53	Құрманбаев Талмахан	Домна пешінің екінші балқытушысы
54	Мырзахметов Рақымжан	Домна пешінің екінші балқытушысы
55	Назарбаев Нұрсұлтан	Домна пешінің екінші балқытушысы
56	Орынбаев Тұрғанбек	Домна пешінің екінші балқытушысы
57	Сәлімов Алтай	Домна пешінің екінші балқытушысы
58	Спаев Тельман	Домна пешінің екінші балқытушысы
59	Сақаев Мейір	Домна пешінің екінші балқытушысы
60	Сарекенов Қабидолла	Домна пешінің екінші балқытушысы
61	Соқбеков Әбдіқадыр	Домна пешінің екінші балқытушысы
62	Сұлтанбеков Жасұзан	Домна пешінің екінші балқытушысы
63	Түлендиев Рыспанбек	Домна пешінің екінші балқытушысы
64	Ауылбеков Амантай	Жылу пештерінің дәнекерлеушісі
65	Избасаров Сәбит Қозыкеевич	Құю және бөліп құю кранының машинисі
66	Ян Василий Яковлевич	Құю және бөліп құю кранының машинисі
67	Рыспанов Ағабек	Домна пешінің екінші балқытушысы



## Староста

Қазақстаннан Днепродзержинскіге оқуға балалар поездбен жетті. Жол ұзақ, поезд ақырын жүреді. Бірақ болашақ металлургтерге көңілсіз бола қойған жоқ. Олар поезд терезесінен табиғатты, үлкен қалалардың станцияларын қызықтап, өздеріне таныс емес өмірмен танысып, жаңа таныстар тапты. Әдеттегідей топ басшысы да анықталды.

Днепр жағалауына беттеген контингент әртүрлі еді. Мұнда қойшының қарапайым баласы да, ұрлық пен бұзақылықтан жазасын өтегендер де болды.

Сондайлардың бірі Рыспанов Ағабек болды. Ол ерен күшімен, дөрекі мінезімен талайлардың зәресін алатын.

Дегенмен Ағабек Нұрсұлтанға өзіне бағындыруға тырысқан жоқ. Сірә, оның ішкі әлемінің күшін сезген болу керек.

Нұрсұлтан одан әлсіздеу болса да, ерік-жігерімен қалыпты мінезімен, ақылымен ерекшеленетін.

Техникалық училищенің жатақханасында Ағабек ең тәуір бөлмені, ең ұнаған орнын алды. Жандайшаптары аяқ киімін тазалап, шалбарын үтіктейтін. Тіпті асханада тамақ алатын терезеге келіп, кезекке де тұрмайтын. Тарелкасын жолдас-сымақтары таситын.

Әрине, топтың старостасын сайлауды ұсынғанда оның жағындағылар бәрінен бұрын:

– Рыспановты! – деп айғайлайды.

Солай болды да.

Бұл балалардың әуелгі келген кезі еді Староста сайлауда саналы ақыл емес, қара күш жеңді.

Рыспанов староста ретінде ештеңе атқарған жоқ. Сабаққа жиі кешігіп, нашар оқыды. Дегенмен бірінші сортты жейделер, сәнді костюмдер киетін.

Көпшіліктің арасынан Нұрсұлтан көзге түсетін. Ұқыпты, таза, киімі үнемі үтіктеулі. Жайбарақат, ашық, әділ, жұртқа ақжарқын. Оны тек балалар ғана емес, мұғалімдер де сыйлайтын. Сабақ үстінде ол тиянақты білім алатын. Мұғалімдердің айтқандарын сөзбе-сөз қайталайтын. Нұрсұлтан жиі аудармашы ретінде жүргендіктен оқытушы да, оқушы да одан көмек сұрайтын. Балалардың бәрі де орыс тілін оқып үйренгенмен, олардың материалды түсінуі, әсіресе техникалық терминдерді меңгеруі қиынға түсетін.

Домна цехына Нұрсұлтан бірінші келді. Оның соңынан балалар тобымен жүріп, ал ол балаларға үлкен ықыласпен жабдықтардың қажеттілігі барын түсіндіретін.

Ағабек Рыспанов топ басшысының кілтінен айрылғанын жақсы сезетін. Бірақ Назарбаевпен жеке қақтығыс болған емес.

Нұрсұлтан комсомол комитетінің мүшесі ретінде училищеде демалыс кешін ұйымдастыратын, балалар ұлттық аспаптардың сүйемелдеуімен қазақ әндерін айтатын. Кештен соң Нұрсұлтанды төңіректеген олар туған үйін, ата-анасын сағынатын.

Рыспанов өзінің достарымен кештен кетіп қалды, сөйтіп топтың балаларынан мүлдем алшақтап, арадағы қарым-қатынас мүлдем қиындап кетті. Рыспанов тұйықталып алды, Нұрсұлтанмен амандаспайтын, көзінің астымен бақылайтын. Дәл сол кезде Нұрсұлтан қаладағы күрестен алдына жан салмайтын спортшы еді. Қазақ балалары да кімнің кім екенін танитын болды. Осы кезде өндірістік оқудың шебері Дмитрий Изотович Погорелов старостаны қайта сайлауды ұсынды және старосталыққа Нұрсұлтанды лайық көрді.

Класта бір сәтке тыныштық орнады да, келесі сәтте жапырлаған қолдар көтерілді.

Міне, осылай балқытушылар тобында жаңа староста қарт шебермен бірігіп туған жерінен мыңдаған шақырым алыста оқып жатқан қазақ балаларының тұрмысына, оқуына жағдай жасап, қамқор бола білді.

Нұрсұлтан бала кезінен қазақ халқының озық салт-дәстүрінде тәрбиеленген. Еңбексүйгіш, ешкімге іштарлық етпейтін. Ерте жастан-ақ қамқоршы адамдардың бірі еді.

Жақсы-жаманын танып өсті. Үй ішінде адамның жаман әдеттерін түзеу-арылту керек деп түсіндіретін.

Ағабекті ұнатпаса да жаңа староста одан теріс айналған жоқ. Үнемі оқу үлгерімін, қандай кітаптар оқып жүргенін сұрап білетін. Күрес секциясына шақыратын.

Старосталықтан түскен Рыспанов өзімен-өзі, жалғыз, ешкіммен араласпайтын болды. Бірақ намысы бар болып шықты. Апталар, айлар өтті. Балалар Рыспановтың кештерде оқулықтардың талай беттерін жаттап алатынын байқады. Ағабекке қолдарын бір сілтеген мұғалімдер де танданысты. Ол сабақта жақсы жауап беріп, жақсы бағалар ала бастады.